# Қ[?]РЫТЫНДЫ БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ЕСЕ[?]

**Грант алушы:** «Ақтау қалалық суретшілер одағы» қоғамдық бірлестігі
**Грант тақырыбы:** «Жеті түс» жобасын жүзеге асыру арқылы бейнелеу өнерін дамыту
**Грант сомасы:** 9 143 280,00 (тоғыз миллион жүз қырық үш мың екі жүз сексен нөл тиын) теңге
**1. Әлеуметтік жоба шеңберіндегі іс-шараларды сипаттаңыз** *(Гранттық шартпен бірге берілген №3 қосымша (жобаның егжей-тегжейлі сипаттамасы) бойынша жоспарланған индикаторларға қол жеткізу деңгейін көрсете отырып, әлеуметтік жобаны іске асыру шеңберінде жүргізілген барлық іс-шараларды күнін, орнын, қатысушылар санын егжей-тегжейлі сипаттау және талдау қажет).*

**1 міндет. Шетелдік және отандық суретшілердің шеберлік сыныптары мен вернисаждарын ұйымдастыру**

**1 шара. Отандық танымал суретшілер (Алматы қаласы) және (Нұр-сұлтан қаласы) шеберлік сағатын ұйымдастыру.**
Жоба бойынша арнайы жұмыс тобы құрылды. Жобаның өтуі бойынша жоба тұжырымдамасы дайындалып, жобаға қажетті ақпараттар жинақталды. Қазақстан Республикасының өңірлеріне, жергілікті атқару органдарына ақпараттық хат жолданып, интернет сайттарда, әлеуметтік желілерде жарияланымдар арқылы жоба қоғам арасында ақпараттандырылды. Отандық танымал суретшілер (Алматы қаласы) және (Нұр-сұлтан қаласы) шеберлік сағатын ұйымдастыру үшін өтетін орын қарастырылды. Ағымдағы жылдың қыркүйек айының 28-29 күндері аралығында «Ақтау қалалық суретшілер одағы» қоғамдық бірлестігі Маңғыстау облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының «Жеті түс» жобасын жүзеге асыру арқылы бейнелеу өнерін дамыту» мемлекеттік гранты аясында отандық суретшілердің шеберлік сағатын ұйымдастырды. Мақсаты – өңірдегі талантты суретшілерге қолдау көрсетіп, бейнелеу өнері саласындағы еңбек сіңірген қайраткерлер мен аймақ суретшілерінің басын қосып, өзара тәжірибе алмасуды қамтамасыз ету. Екі күнге созылған шеберлік сағаттың бірінші күнінде Шерқала және Айрақты тауының маңында ҚР Суретшілер одағының мүшесі Жүргенов Әлішер Мырзабайұлының пейзаж жазу бойынша шеберлік сағаты өтіп, екінші күні Ақтау қаласының теңіз жағалауында ҚР Суретшілер одағының мүшесі Асемқұл Бейбіт Серікқұлұлының абстракция жазу бойынша кескіндеме шеберлік сағаты ұйымдастырылды. Шеберлік сағат аясында 80-ге жуық қылқалам шеберлері біліктілігін арттырды.

**2 шара. Облыстық және отандық суретшілердің қатысуымен вернисаж ұйымдастыру.** Ақтаудағы «Күз лебі» атты вернисажда суретшілердің шеберлік сағаты өтті. Студенттер үшін Астана мен Алматы қаласынан арнайы қылқалам иелері шақыртылды, - деп хабарлайды Қоғамдық коммуникация орталығы. Аталған мастер клас «Жеті күн» жобасының үшінші бөлігі. Шараға «Өнер», Абыл Тарақұлы атындағы колледждің студенттері қатысты. Жас мамандарға графикалық сурет салудың әдіс-тәсілдері көрсетілді. - Алматы мен Астанадан келген суретшілер мен үшін ерекше әсер қалдырды. Шара барысында жаңа техникаларды меңгердік. Мастер класта көзім оттай жанып, суретке деген қызығушылығым арта түсті. Осындай шаралар жастарға үлкен мүмкіндіктер беріп, жетістікке бір қадам жақындауға көмектеседі, - дейді Маңғыстау өнер коледжінің 3 курс студенті Аружан Қуат. Бес саусағынан өнер тамған жандарға мұндай жобалар 2013 жылдан бері ұйымдастырылады. Шараның мақсаты - өңірдегі жас мамандардың біліктілігін арттыру. Шеберлік сабағында ҚР Суретшілер Одағының мүшесі Бейбіт Асемқұл өзінің тәжірибесімен бөлісті. Ұйымдастырушылардың айтуынша, аталған шеберлік сағаты тоқтап қалмайды.

**3 шара. Шетелдік (Қырғызстан Республикасы, Өзбекстан Республикасы) суретшілердің шеберлік сағатын ұйымдастыру. Өңірдің жас суретшілері шетелдік мамандардың қатысуымен өткен шеберлік сағатқа қатысты.**
Жоба бойынша арнайы жұмыс тобы құрылды. Жобаның өтуі бойынша жоба тұжырымдамасы дайындалып, жобаға қажетті ақпараттар жинақталды. Қатысушыларды тіркеу бетшесі, қатысушылардың саны, суретшілердің туындылары, шеберлік сағаттардың

бағдарламалары, баспасөз баяны, фото-бейне есептер жасақталды. Қазақстан Республикасының өңірлеріне, жергілікті атқару органдарына ақпараттық хат жолданып, интернет сайттарда, әлеуметтік желілерде жарияланымдар арқылы жоба қоғам арасында ақпараттандырылды. Шетелдік (Қырғызстан Республикасы, Өзбекстан Республикасы) суретшілердің шеберлік сағатын ұйымдастыру. Өңірдің жас суретшілері шетелдік мамандардың қатысуымен өткен шеберлік сағат үшін өтетін орын қарастырылып, 2022 жылдың 18 қараша күні Ақтау қаласындағы "Marta art studio" ғимаратында, сағат: 09:00-10:00-де Шетелдік (Қырғызстан Республикасы, Өзбекстан Республикасы) суретшілердің шеберлік сағатын ұйымдастыру. Өңірдің жас суретшілері шетелдік мамандардың қатысуымен өткен шеберлік сағатқа қатысушылар тіркелді. Сағат: 10:00-12:00-де Шетелдік (Қырғызстан Республикасы, Өзбекстан Республикасы) суретшілерінің шеберлік сағаттары ұйымдастырылды. Әлемдік, классикалық және қазіргі таңдағы заманауи суретшілердің дамуы жайындағы семинар, пікірсайыс, сұрақ-жауаптар болды. Өңірдің жас суретшілері, «Маңғыстау өнер колледжінің» оқытушылары мен студенттері шетелдік мамандардың қатысуымен өткен шебрлік сағатқа қатысты. Өзбекстан Республикасының суретшісі Маматкаримов Шавкатбек Токтосиновичтің Натюрморт және пейзаж жанры бойынша өзінің жеке жұмыстарымен, туындыларымен таныстырды.

Қырғызстан Республикасының суретшісі Жәнібек Бердікеевтің Натюрморт және пейзаж жанры бойынша өзінің жеке жұмыстарымен, туындыларымен таныстырды. Сағат 13:00-14:00-де Қырғызстан қаласынан келген суретші Жәнібек Бердикеевтің Портрет салу шеберлік сағаты өткізілді. Астана телеарнасынан келген журналисттің Портретін жоғары деңгейде салды. Сағат 14:00 - 16:00 – Өзбекстан Республикасының суретшісі Маматкаримов Шавкатбек Токтосиновичтің Натюрморт және пейзаж жанры бойынша шеберлік сағаты жоғары деңгейде өтті. Мәдени шара «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ қолдауымен, «Ақтау қалалық суретшілер одағының» бастамасымен жүзеге асып отыр. Жоба бойынша 1 ақпараттық және 1 бейнеролик дайындалып (электрондық нұсқада), әлеуметтік желілерде жарияланды. Жоба бойынша баннер, афиша дизайны жасалынды.

**2 міндет. Облыстық және халықаралық суретшілердің қатысуымен симпозиум ұйымдастыру.**

**1 шара. «Жеті әлем-жеті түс» тақырыбындағы симпозиум ұйымдастыру**. 2022 жылдың 18 қараша күні Ақтау қаласындағы "Marta art studio" ғимаратында, сағат: 09:00-10:00-де «Жеті әлем-жеті түс» тақырыбындағы Симпозиумға қатысушылар тіркелді. Ақтауда «Жеті әлем – жеті түс» атты суретшілер симпозиумы өткізілді. Симпозиумға қатысушыларды тіркеу бетшесі, қатысушылардың саны, симпозиумның бағдарламалары, баспасөз баяны, фото-бейне есептер, хаттамалар жасақталды. Қатысушыларды ақпараттандыру мақсатында Маңғыстау облысының мектептер мен колледж басшыларына арнайы хаттар жолданды. Сонымен қатар жастар арасында ақпараттандыру жұмыстарын күшейту жүргізілді. Жоба аясында хаттама дайындалды.

Ақтау қаласында жас суретшілерге арналған симпозиум өтті. Шараға арнайы Қырғызстан және Өзбекстаннан қылқалам шеберлері шақыртылды. Симпозиум екі күнге созылды. Алғашқы күні жас суретшілер мен шеберлер арасында еркін форматтағы сұрақ-жауап болды. Одан әрі шет елдерден келген шеберлер суретшілік өнерінің дамуы туралы айтып, шеберлік сағатын өткізді. - Өткізіліп отырған симпозиумның мақсаты - өңірдегі суретшілердің біліктілігін арттырып, өзара тәжірибе алмасу. Сондай-ақ, жастардың сурет өнеріне деген қызығушылығын арттыру. Маңғыстау - шалғайда орналасқан, яғни Алматы, Астана сияқты мәдени ошақтардан алыста. Бізге мұнда шеберлік сағаттарын өткізіп тұру маңызды. Өйткені суретшілеріміздің дамуы үшін, республикалық және халықаралық деңгейлерге жету үшін мұндай шаралар көп болуы керек, дейді ұйымдастырушылардың бірі «Ақтау қалалық суретшілер одағының мүшесі Балтабаев Тынышбек. Өзбекстан Республикасының суретшісі: осы симпозиумға арнайы шақырылған қонақ.

Келгендегі мақсаты - неше жылдық жинаған тәжірибемізбен бөлісіп, керек жерінде өзімізге де қажетті дүниелерді алу. Маңғыстауға келіп, картиналармен танысқан уақытта суретшілерінің үлкен потенциалы бар екенін көрді. Олардың әртүрлі түстерді араластырып, жаңа рең алуы өте керемет екенін айтты. Бұл жерде Маңғыстаудың табиғаты да ерекше рөл ойнайды. Себебі мұнда сарғыш, қоңыр түстің өзінің сан алуан түрі бар, - дейді Өзбекстан Республикасының суретшісі Шавкат Маматкаримов. Журналистермен сұхбат берілді. Бейнероликтер (электрондық нұсқада) бар.

**3 міндет. Шетелдік және облыс суретшілерінің этюд жазу үшін Маңғыстау облысының киелі жерлеріне турын ұйымдастыру.**

**1 шара. «Мың бояулы Маңғыстау» пленэрін ұйымдастыру.** 2022 жылдың 19 қараша күні Ақтау қаласында, екінші күні Бозжыра шатқалында өтті. Онда суретшілер табиғатқа шығып, этюд салудың тың тәсілдерін меңгерді. Пленэрге қатысушыларды тіркеу бетшесі, қатысушылардың саны, пленэрдың бағдарламалары, баспасөз баяны, фото-бейне есептер, хаттамалар жасақталды. Маңғыстау өнер колледжінің студенттерімен қатар Қырғызстан Республикасының суретшісі және Өзбекстан Республикасының суретшісі арнайы келген жас суретшілер пленэрге қатысты. Олар киелі Маңғыстау жерінің сұлу табиғатын бейнелей отырып, өңіріміздің өзіндік табиғи, географиялық ерекшеліктерін және Ақтау қаласының Бозжыра шатқалындағы көз тартарлық орындары кескінделген туындыларын ұсынды. «Осындай пленэрлер арқылы біз жас суретшілердің өсіп-өркендеуіне жол ашқымыз келеді. Олар Маңғыстаудың сұлу табиғатын бейнеледі. Олардың суреттерін тек Қазақстандықтар ғана емес, шетелдіктер де көріп үлгерді. Картиналарға қарап, олар сол жерлерге саяхат жасағысы келетіндерін айтады», - дейді Қазақстан суретшілер одағының мүшесі, «Өнер» арт-галереясының жетекшісі Аймұрат Таңатов. Сонымен бірге, «Астана», «Қазақстан» телеарналарына сұхбат берілді.

**4 міндет. Астана қаласында суретшілер жұмыстарының көрмесін ұйымдастыру және өткізу.**

**1 шара. Астана қаласында «Жұмбақ жайлап, аңыз өрген – Маңғыстау!» өңір суретшілерінің көрмесін ұйымдастыру.** Жоба аясында қатысушылардың тізімі, қатысушылардың саны, көрмеге қойылатын туындылардың саны, көрме афишасы, көрме бағдарламасы, баспасөз баяны жасақталды. 2022 жылдың 20 желтоқсан күні Астана қаласындағы "Сал сері" галереясында, сағат: 15:00-15:30-да Астана қаласында «Жұмбақ жайлап, аңыз өрген – Маңғыстау!» өңір суретшілер көрмесіне қатысушылар тіркелді.

Сағат: 15:30-16:00-де «Ақтау қалалық суретшілер одағы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Балтабаев Тынышбек Паизхановичпен «Ақтау қалалық суретшілер одағы» қоғамдық бірлестігінің мүшесі Таңатов Аймұрат Базаржанұлы көрменің ашылуына байланысты сөз сөйледі:

«Ақтау қалалық суретшілер одағы» қоғамдық бірлестігі Маңғыстау облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының «Жеті түс» жобасын жүзеге асыру арқылы бейнелеу өнерін дамыту мемлекеттік гранты аясында қорытынды бөлімі Астана қаласында «Жұмбақ жайлап, аңыз өрген – Маңғыстау!» өңір суретшілердің көрмесі ұйымдастырылды. Мақсаты – өңірдегі талантты суретшілерге қолдау көрсетіп, бейнелеу өнері саласындағы еңбек сіңірген қайраткерлер мен аймақ суретшілерінің туындыларын көрсетіп, өзара тәжірибе алмасуды қамтамасыз ету. Әр жердің өзіндік ерекшелігі болады. Маңғыстау өлкесі де өзінің географиялық орналасуы, табиғатымен ерекшеленетін өлке. Маңғыстау – шет аймақта орналасқан шөлді мекен болса да өлкеде тарихи, мәдени орындар өте көп сақталған. Өткеннен сыр шертетін мың бояулы Маңғыстаудың «Аспан асты мұражайы» атануы да жайдан жай

емес. Жаңа дауа іздеген жанға сая болған алуан түрлі киелі орындар, сан ғасырлық тарихты бойына бүккен қыраттар, аспанмен тілдескен тау-тастар, мұнаралы жоталы төбелер, қойнауы жұмбақ пен сырға толы қарт Каспий, ел экономикасын дамытқан, қара алтыны, басқа да байлықтары, төрт түлігі – өлкенің сұлулығын арттырып, мерейін одан әрі арттыра түскендей. Небір ақын, жазушылар жырға қосқан, небір қылқалам шеберлерінің шебер туындыларына айналған жұмбақ жайлап, аңыз өрген Маңғыстауды мекен еткен, ата-баба аманатын арқалаған өр мінез халықтың келешек ұрпаққа мирас етіп қалдырар мұрасы да – осынау өрелі өлкенің өшпес өсиеті мен қасиеті болмақ. Маңғыстаудың суретшілері, Маңғыстау өнер колледжінің кескіндеме, мүсіндеу және графика бөлімінің оқытушыларының шығармалары мен туындылары көрмеге қойылды.

Сонымен қатар, Тілек Көшмағанбетовтың көрмеге деген көзқарасы: Бүгін Астанада «Жұмбақ жайлап, аңыз өрген-Маңғыстау!” атты Маңғыстаулық суретшілердің көрмесі өтті. Ауылымыздан шыққан таланттарды қолдау әрі рухани демалу үшін көппен бірге көрмеге бардым. Ақтаулық қос суретші Аймұрат Таңатов пен Тынышбек Балтабаевтың суреттері сөз жоқ әдемі, астананың төріне Маңғыстаудың даласы көшіп келгендей әсерде болдық. Көрмедегі туындыларды көрген көз де, жүрек те демалатындай екен. Ауылымыздың таулары мен қыраттарының әдемілігін былайғы күндері онша ұғынбайды екенбіз. Бүгінгі көрме сол сұлулықтың бәрін көз алдымызға әкелді. Көрмеге қойылған портреттердің ішінде мұнаймен салынғандары да бар. Бұл да біздің жерлестеріміздің ерекше шеберлігі. Көрмеге келген өзге өңірдің суретшілері мен өнер адамдары, жәй мен секілді өнерді жақсы көретін жандар да шын таңданып жатыр. Аймұрат пен Тынышбектің өнерін бағалаған әрбір мақтау сөз өзімізге айтылғандай марқайып қалдық. Ауылдастардың шын ниеттес болуының бір дәлелі шығар бұл да деген ойда болды. Бас қаламызда Маңғыстауымыздың мерейі өскені мені қатты қуантты.

Сонымен бірге, «24 kz», «Қазақстан» телеарналарында сюжет берілді.

**Кестені толтырыңыз және жоспарланған нәтижелердің нәтижелерге сәйкестігін сипаттаңыз**

<table>
<tr><td colspan="2">Жоба мақсаты:</td><td colspan="5">Өңірдегі суретшілерге қолдау көрсету</td></tr>
<tr><td colspan="2">Жобаны іске асырудан қол жеткізілген нәтиже:</td><td colspan="5">Жоба аясында шетелдік суретшілердің 2 шеберлік сабағы және қазақстандық суретшілердің 2 шеберлік сабағы ұйымдастырылды. Тікелей қамту – 150 адам.<br>Облыстық және отандық суретшілердің (60 қатысушы) қатысуымен вернисаж ұйымдастырылды.<br>Облыстық және халықаралық суретшілердің қатысуымен симпозиум ұйымдастырылды (70 қатысушы)<br>Шетелдік суретшілер Маңғыстау облысына 7 этюд жазды.<br>Республика астанасында Маңғыстау облысы суретшілерінің жұмыстарының көрмесі ұйымдастырылды</td></tr>
<tr><td rowspan="2">Міндеті</td><td rowspan="2">Міндет аясындағы шаралар</td><td rowspan="2">Қысқа мерзімде қол жеткізілген нәтижелер (іс-шараларға)</td><td rowspan="2">Сандық және сапалық индикаторлар</td><td colspan="2">Индикаторлар</td><td rowspan="2">Тиімділік</td></tr>
<tr><td>жоспар</td><td>факт</td></tr>
</table>

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **1 міндет. Шетелдік және отандық суретшілердің шеберлік сыныптары мен вернисаждарын ұйымдастыру.** | **1 шара.** Отандық танымал суретшілер (Алматы қаласы) және (Нұр-сұлтан қаласы) шеберлік сағатын ұйымдастыру. | Шетелдік және отандық суретшілердің шеберлік сыныптары мен вернисаждарын ұйымдастыру бейне есептер таратылды. | 1.Қатысушылардың тізімі<br>2.Қатысушылардың саны<br>3.Шеберлік сағатқа шақырылған мамандардың саны<br>4.Суретшілердің туындысы<br>5.Мастер класс бағдарламасы<br>6.Пресс релиз<br>7.Фото-бейне есеп<br>8.Көшпелі шеберлік сағаты | 1. Уәкілетті органмен хаттар.<br>2. Интернет желілеріне ақпарат таралымы.<br>3. Афиша, баннер жасақтау.<br>4. Бейнеролик саны – 1. | 1. Уәкілетті органмен хаттар.<br>2. Интернет желілеріне ақпарат таралымы.<br>3. Афиша, баннер жасақтау.<br>4. Бейнеролик саны – 1. | |
| | **2 шара.** Облыстық және отандық суретшілердің қатысуымен вернисаж ұйымдастыру. | Облыстық және отандық суретшілердің қатысуымен вернисаж ұйымдастыру туралы фото есептер интернет желілеріне таратылды. | 1.Қатысушылардың тізімі<br>2.Қатысушылардың саны<br>3.Вернисажға қатысушы суретшілердің саны<br>4.Вернисаж бағдарламасы<br>5.Пресс релиз<br>6.Фото-бейне есеп | 1. Уәкілетті органмен хаттар.<br>2. Интернет желілеріне ақпарат таралымы.<br>3. Афиша, баннер жасақтау.<br>4. Бейнеролик саны – 1. | 1. Уәкілетті органмен хаттар.<br>2. Интернет желілеріне ақпарат таралымы.<br>3. Афиша, баннер жасақтау.<br>4. Бейнеролик саны – 1. | |
| | **3 шара.** Шетелдік (Қырғызстан | Шетелдік суретшілерден сұхбаттар | 1.Қатысушылардың тізімі<br>2.Қатысушылардың | 1.Қатысушылардың санын жасақтау. | 1.Қатысушылардың санын жасақтау. | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Республикасы, Өзбекстан Республикасы) суретшілердің шеберлік сағатын ұйымдастыру. Өңірдің жас суретшілері шетелдік мамандардың қатысуымен өткен шеберлік сағатқа қатысты. | алдынды. | саны<br>3.Шеберлік сағатқа шақырылған мамандардың саны<br>4.Суретшілердің туындысы<br>5.Мастер класс бағдарламасы<br>6.Пресс релиз<br>7.Фото-бейне есеп<br><br>8.Хаттама | 2.Шеберлік сағатқа шаұырылған мамандар саны-2.<br>3.Суретшілердің туындылары.<br><br>4. Шеберлік сағат бағдарласамын жасақтау.<br>5. Баспасөз баянын жасақтау.<br>6.Фото есеп-20 бейне есеп- 1. | 2.Шеберлік сағатқа шаұырылған мамандар саны-2.<br>3.Суретшілердің туындылары.<br>4. Шеберлік сағат бағдарласамын жасақтау.<br>5. Баспасөз баянын жасақтау.<br>6. Фото есеп-20 бейне есеп- 1. | |
| **2 міндет. Облыстық және халықаралық суретшілердің қатысуымен симпозиум ұйымдастыру. 3 міндет. Шетелдік және облыс суретшілерінің этюд жазу үшін Маңғыстау облысының** | **1 шара.** «Жеті әлем-жеті түс» тақырыбындағы симпозиум ұйымдастыру. | Қырғызстан Республикасының, Өзбекстан Республикасының суретшілерінен сұхбаттар алынды. | 1.Симпозиум бағдарламасы<br>2.Қатысушылардың тізімі<br>3.Қатысушыларының саны<br>4.Симпозиум хаттамасы<br>5.Фото-бейне есеп<br>6.Пресс релиз | 1.Симпозиум бағдарламасын жасақтау.<br>2.Қатысушылардың тізімін жасақтау.<br>3.Симпозиум хаттамасын жазу.<br>4.Фото есептер-20 бейне есептер-<br>5.Пресс релиз жасақтау. | 1.Симпозиум бағдарламасын жасақтау.<br>2.Қатысушылардың тізімін жасақтау.<br>3.Симпозиум хаттамасын жазу.<br>4.Фото есептер-20 бейне есептер-1.<br>5.Пресс релиз жасақтау. | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **киелі жерлеріне турын ұйымдастыру.** | | | | | | |
| **3 міндет. Шетелдік және облыс суретшілерінің этюд жазу үшін Маңғыстау облысының киелі жерлеріне турын ұйымдастыру.** | **1 шара.** «Мың бояулы Маңғыстау» пленэрін ұйымдастыру. | Мың бояулы Маңғыстау» пленэрінде хаттама жазылды. | 1.Пленэр бағдарламасы<br>2.Пленэр қатысушыларының тізімі<br>3.Пленэр қатысушыларының саны<br>4.Плэнер бағдарламасы<br>5.Этюд саны | 1.Пленэр бағдарламасын жасақтау.<br>2.Пленэр қатысушыларының тізімін дайындау.<br>3.Пленэр қатысушыларының санын жазу.<br>4.Плэнер бағдарламасын жасақтау.<br>5.Этюд санын жазу. | 1.Пленэр бағдарламасын жасақтау.<br>2.Пленэр қатысушыларының тізімін дайындау.<br>3.Пленэр қатысушыларының санын жазу.<br>4.Плэнер бағдарламасын жасақтау.<br>5.Этюд санын жазу. | |
| **4 міндет. Астана қаласында суретшілер жұмыстарының көрмесін ұйымдастыру және өткізу.** | **1 шара.** Астана қаласында «Жұмбақ жайлап, аңыз өрген – Маңғыстау!» өңір суретшілерінің көрмесін ұйымдастыру. | Астана қаласында «Жұмбақ жайлап, аңыз өрген – Маңғыстау!» өңір суретшілерінің көрмесінде Қазақстан Республикасының атақты суретшілері қатысты. | 1.Қатысушылардың тізімі<br>2.Қатысушылардың саны<br>3.Көрмеге қойылатын туындылардың саны<br>4.Көрме афишасы<br>5.Көрме бағдарламасы<br>6.Пресс релиз | 1.Қатысушылардың тізімін жасақтау.<br>2.Қатысушылардың санын жазу.<br>3.Көрмеге қойылатын туындылардың санын жасақтау.<br>4.Көрме | 1.Қатысушылардың тізімін жасақтау.<br>2.Қатысушылардың санын жазу.<br>3.Көрмеге қойылатын туындылардың санын жасақтау.<br>4.Көрме | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | афишасын жасақтау.<br>5.Көрме бағдарламасы жасақтау.<br>6.Пресс релиз жасақтау. | афишасын жасақтау.<br>5.Көрме бағдарламасы жасақтау.<br>6.Пресс релиз жасақтау. | |

**Жобаның әлеуметтік және экономикалық әсерін көрсететін кестені толтырыңыз**

| | Индикатор | Өлшем бірлігі | Жоспарланып отырған деңгей | Нақты деңгей |
|---|---|---|---|---|
| 1. | Тікелей бенефициарлар саны, оның ішінде: | 255 адам | 300 | 300 |
| | халықтың әлеуметтік осал топтарынан | 10 адам | 100 | 100 |
| 2. | Жанама бенефициарлар саны (БАҚ-та жариялау есебінен) | 150 адам | 150 | 150 |
| 3. | Штаттық қызметкерлердің саны | 3 адам | 3 | 3 |
| 4. | Тартылған мамандар саны, оның ішінде: | 0 адам | 0 | 0 |
| | халықтың әлеуметтік осал топтарынан | 0 адам | 0 | 0 |
| 5. | Қамтылған ҮЕҰ саны | Ұйым | 0 | 0 |
| 6. | Гранттың жалпы сомасынан еңбекақы төлеу қоры | 840 000,00 теңге | 840 000,00 теңге | 840 000,00 теңге |
| 7. | Салықтар (ӘС, ӘА, МӘМС (штаттық қызметкерлердің ғана)) | 70 224,00 теңге<br>25 200,00 теңге | 70 224,00 теңге<br>25 200,00 теңге | 70 224,00 теңге<br>25 200,00 теңге |
| 8. | Экономикаға қосқан үлес (тауарлар мен қызметтерді сатып алу | 7 960 278,00 теңге | 7 960 278,00 теңге | 7 960 278,00 теңге |
| 9. | Әлеуметтік жоба серіктестерінің саны (заңды және / немесе жеке тұлғалар) | 10 ұйым/адам | 30 | 30 |

**Жоба бойынша жоспардан ауытқу негіздемелерін сипаттаңыз:** Жоба бойынша жоспарланған іс – шаралардың барлығы ауытқусыз жоспарға сәйкес орындалып, растайтын құжаттар ұсынылды.

**2. Мақсатқа жету (фактілерді сипаттау және мақсатқа жету туралы дәлелдерді көрсету)**: Жоба аясында Шетелдік суретшілермен (Қырғызстан Республикасы, Өзбекстан Республикасы) өңір суретшілер арасында пікірсайыстар, сұрақтар мен жауаптарға, өзара байланыс болды. Шетелдік суретшілермен өте жоғары деңгейде байланыс болды. Олар өздерінің жұмыстарымен, туындыларымен таныстырды.

**3. Әлеуметтік жобаны аяқтау және/немесе іске асыру барысында болған әлеуметтік және басқа да өзгерістерді өлшеу** *(жоба алдындағы жағдайды және жоба аяқталған кездегі жағдайды, жоба шеңберіндегі проблемалар мен міндеттерді шешу дәрежесін салыстыру): «Табыс тарихы» - бұл әлеуметтік жобаның қандай да бір нақты жағдайда (белгілі бір қызмет алушының өмірінде)қалай көмектескенінің қысқаша (5-8 сөйлем) мысалы;*
*Табыс туралы әңгімелер жарияланымдарда, сондай-ақ әлеуметтік жобаның нәтижелерін ұзақ мерзімді бақылау үшін қолданыла алады.*
*Табыстың қысқаша тарихы келесі бөлімдерден тұруы керек: әлеуметтік жобаның басындағы жағдай;*
*әлеуметтік жобаның жағдайға әсері әсердің нәтижесі.*
*Сондай-ақ, табыс тарихында белгілі бір қызмет алушының байланыс деректерін қоса отырып, оның кері байланысы болғаны жөн.*
Ақтау қаласының Маңғыстау өнер колледжінің оқытушыларымен студенттері осы жобадағы іс шаралардың барлығына қатысып, үлкен әсерде болды. Осындай көрмелер, шеберлік сағаттар, пленэрлер көп ұйымдастырып тұруды жеткізді.

**4. Әлеуметтік жобаға қатысушылар бөлінісіндегі статистикалық ақпарат (аралық бағдарламалық есепті ұсыну сәтінде):**

**Гендерлік көрсеткіш:**

| Барлық қатысушылар саны | Ерлер | Әйелдер |
|---|---|---|
| 255 | 155 | 100 |

**Санаттар бойынша әлеуметтік мәртебе:**

| Бүкіл жобаға қатысушылар саны | Балалар (оның ішінде мүгедек балалар) | Жастар | Мемлекеттік қызметшілер | Бюджеттік ұйым жұмысшылары | Мүгедектер | Жасы үлкен адамдар (50 жастан және одан жоғары), оның ішінде: | Жұмыссыздар | Қоғамдық ұйымдардың өкілдері | Бизнес-сектор өкілдері | Басқа санаттар |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 255 | 5 | 50 | 40 | 15 | 5 | 10 | 10 | 30 | 30 | 60 |

**Жас көрсеткіші:**

| Бүкіл жобаға қатысушылар саны | 13-16 жас | 17-22 жас | 23-27 жас | 28-32 жас | 33-45 жас | 46-58 жас | 59 жас және жоғары |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 255 | 25 | 60 | 47 | 45 | 50 | 10 | 18 |

**5. Әлеуметтік жоба нәтижесі**

- *көрсетілген нысаналы топтардың әлеуметтік жобаны іске асыру барысында алған нақты нәтижелері (сандық көрсеткіштерді, сапалық өзгерістерді сипаттай отырып):* 2022 жылғы қыркүйек-желтоқсан аралығында Ақтау қаласындағы өнер галереясына келушілер саны көбейді 3500 адам келді.
- ** жобаны іске асыру барысында шешілетін проблемаға оның ұзақ мерзімді әсері (жобадан туындаған қандай да бір саладағы болжамды оң/теріс өзгерістерді негіздеу):*оң өзгерістер көп болды.
- ** әлеуметтік жобаның/әлеуметтік бағдарламаның тұрақтылығы Жоба жалпы тұрғындарға және тиісті мекемелерге өте қолайлы іс шаралар болды. Сондықтан, бұл жобаны іске асыруды тұрақты түрде жалғастыру қажеттілігі туындап отыр. Азаматтар үйлерінен шықпай-ақ шығармаларды және туындыларды сатып ала алады.*

**6. Әлеуметтік жобаны іске асыруға қолдау көрсеткен серіктестердің (егер бар болса), билік органдарының, құрылымдардың үлесін талдау: оларды тарту қаншалықты қажет болды, бұл әлеуметтік жобаны қалай күшейтті, қандай сабақтар алынды, өзара**

**іс-қимылды жалғастыру қалай жоспарлануда? Қазақстан Республикасының суретшілер одағы, Өңір суретшілермен, мәдениет басқармасымен тығыз қарым-қатынаста жұмыстар жүргізіледі.**

**Әлеуметтік жобаның серіктестері**

Жобаны іске асыруға тікелей қатысатын, қызметі жобаның нәтижелеріне әсер етуі мүмкін ұйымдар. Серіктестерге логистика, тамақтану, жол жүру және т.б. бойынша қызмет көрсететін жеткізушілер жатпайды.

| Ұйым атауы /Серіктестіктің Т.А.Ә. | Жобадағы орны | Ұйымның, серіктестіктің байланыс деректері | Ескерту |
|---|---|---|---|
| «Маңғыстау Медиа» ЖШС | Ақпараттық қолдау көрсету | +7 (7292) 20 48 34 | |
| «Маңғыстау өнер колледжі» МКҚК | Студенттермен оқытушылармен қамтамасыз етуге қолдау көрсету | 8 (7292) 5217 40 | |
| «Ә.Кекілбайұлы атындағы Маңғыстау облыстық тарихи-өлкетану музейі» МКҚК | Ақпараттық қолдау көрсетуге қолдау көрсету | 8 (7292) 30 28 50 | |
| «Ә.Қастеев атындағы ҚР Мемлекеттік Музейі» РМҚК | Ақпараттық қолдау көрсетуге қолдау көрсету | | |
| «Platforma.projectroom» шығармашылық кеңістігі | Ақпараттық қолдау көрсетуге қолдау көрсету | | |

**Осы әлеуметтік жобаның жалғасы болуы мүмкін болашақ әлеуметтік жобалар тақырыбына ұсыныстар:**

| № | Жоба атауы | Орындылығын негіздеу (проблеманы сипаттау) | Мақсат | Міндеттер | Қысқаша сипаттамасы (жобаның негізгі бағыттары) | Қажетті сома | Іске асыру орны (жобаның географиясы) | Күтілетін нәтижелер |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | |
| (Сіз ұсынған грант тақырыбы сәйкес келетін грант беру бағытын таңдаңыз) | | | | | | | | |

1) білім, ғылым, ақпарат, дене шынықтыру және спорт саласындағы мақсаттарға қол жеткізу;
2) азаматтардың денсаулығын сақтау, салауатты өмір салтын насихаттау;
3) қоршаған ортаны қорғау;
4) жастар саясаты мен балалар бастамаларын қолдау;
5) демография мәселелерін шешу;
6) гендерлік мәселелерді шешу;
7) халықтың әлеуметтік осал топтарын қолдау;
8) жетім балаларға, толық емес және көп балалы отбасылардан шыққан балаларға көмек көрсету;
9) азаматтардың жұмысқа орналасуына жәрдемдесу;
10) азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, заңды мүдделерін қорғау;
11) мәдениет пен өнерді дамыту;
12) тарихи-мәдени мұраны қорғау;
13) Қоғамдық келісім мен ұлт бірлігін нығайту болып табылады;
13-1) есепте тұрған адамдарға әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету кезінде пробация қызметтеріне жәрдемдесу;
13-2) мемлекеттік қызметтер көрсету сапасына қоғамдық мониторинг жүргізу

**Мемлекеттік органдаға әлеуметтік жобаны іске асыру нәтижелері бойынша <u>нақты практикалық ұсынымдарды</u> көрсетіңіз.**

| Мемлекеттік органдар | Ұсынымдар | Әзірленген ұсынымдарды жолдау туралы хаттың нөмірі мен күні *(хаттардың көшірмелерін қосымшаларымен бірге осы есеппен ұсыну қажет)* |
|---|---|---|
| **Маңғыстау газетінің бас редакторы Ғ.Ариповке** | **Ақпаратты таратуға қолдау көрсету туралы.** | **15 қараша 2022 жылғы №08** |
| **«Абай атындағы мәдени демалыс кешені» МКҚК директоры А.Кулбаевқа** | **Көрерменмен қамтамасыз етуге қолдау көрсету.** | **15 қараша 2022 жылғы №12** |
| **Маңғыстау облысының мәдениет,** | **Көрерменмен қамтамасыз етуге қолдау** | **15 қараша 2022 жылғы №11** |

| | | |
|---|---|---|
| **архивтер және құжаттама басқармасының басшысы П.Сармурзинаға** | **көрсету.** | |
| **Абыл Тарақұлы атындағы балалар өнер мектебінің директоры Ж.М.Мырзағалиеваға** | **Көрерменмен қамтамасыз етуге қолдау көрсету.** | **15 қараша 2022 жылғы №10** |
| **«Маңғыстау өнер колледжінің басшысы» Ж.Мановаға** | **Көрерменмен қамтамасыз етуге қолдау көрсету.** | **15 қараша 2022 жылғы №09** |

**Есептегі беттердің жалпы саны:** ____________________

____________________/____________/ ______________________

**Басшының не оның орынбасарының лауазымы, Т. А. Ә,** *(болған жағдайда)*

Толтырылған күні 23.XI.22

Мөрдің орны

Қосымшамен танысты ______________ басшының Т. А.Ә.